

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі
Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті
Астана қаласының Білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті

Мемлекеттік аттестаттау нәтижелері бойынша қорытынды

Астана қаласы әкімдігінің «№68 «Балбұлақ» балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны (білім беру ұйымының атауы)

Астана қаласы

2024 жылғы «26» қаңтар, сағат 18-00

Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес ҚР «Білім туралы» Заңын (бұдан әрі - Заң) және «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығын басшылыққа ала отырып (бұдан әрі – Бағалау критерийлері), Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Астана қаласының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің (бұдан әрі - Департамент) 2023 жылғы 9 қарашадағы № 441-нқ бұйрығымен бекітілген 2024 жылға арналған мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының тізбесі негізінде 2024 жылғы 22-26 қаңтар аралығында Астана қаласы әкімдігінің №68 «Балбұлақ» балабақшасы МКҚК-ға (бұдан әрі – «Балбұлақ» балабақшасы) мемлекеттік аттестаттау жүргізілді.

Мемлекеттік аттестаттау Департаменттің 2024 жылғы 19 қаңтардағы №25-нқ бұйрығымен бекітілген аттестаттау комиссиясы келесі құрамда өткізді:

1. Ермакова Гульдана Куанышовна – Астана қаласының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті Білім сапасын сырттай бағалау бөлімінің бас маманы, комиссия төрағасы;

2. Көшен Құндыз Слетақызы – Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК-ның әдіскері, комиссия мүшесі (келісім бойынша);

3. Махмутова Жанат Жансултановна – Астана қаласы әкімдігінің «№42 «Бәйшешек» балабақшасы» МКҚК-ның меңгерушісі, комиссия мүшесі (келісім бойынша);

4. Калдыбаева Шынар Сыздықовна – Астана қаласы әкімдігінің «№38 «Шаттық» балабақшасы» МКҚК-ның әдіскері, комиссия мүшесі (келісім бойынша);

5. Бейсекеева Алтын Кайроллиновна – Астана қаласы әкімдігінің №37 «Арман» балабақшасы» МКҚК-ның әдіскері, комиссия мүшесі (келісім бойынша);

Комиссия бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім беру ұйымдарына бағалау жүргізу кезінде негізгі бағыттар мен зерделеу объектілері бойынша өзін-өзі бағалау материалдарына талдау, оның ішінде ұсынылатын білім беру қызметтерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сәйкестігіне талдау жүргізді.

№68 «Балбұлақ» балабақшасы өзін-өзі бағалау материалдарын зерделеп, оларды білім беру саласындағы ақпараттандыру объектілерінде орналастырылған мәліметтермен және ұйымдар мен уәкілетті мемлекеттік органдардың мәліметтерімен салыстыра отырып, комиссия қызметінің сандық және сапалық көрсеткіштеріне бағалау және егжей-тегжейлі талдау жүргізді.

Ұйым туралы жалпы мәліметтер		
1.	Білім беру ұйымының толық атауы	Астана қаласы әкімдігінің «№68 «Балбұлақ» балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны
2.	Білім беру ұйымының орналасқан жері (занды мекен-жайы және нақты орналасқан жерінің мекен-жайы)	БСН: 130240022688 Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, «Есіл» ауданы, Пригород тұрғын алабы, Сарытоғай көшесі 9.
3.	Занды тұлғаның байланыс деректері (телефон, электронды пошта, web-сайт)	8 (7172) 28-62-88, 28-11-08 Balbulak68@mail.ru, https:// balbulak68.kz/
4.	Занды тұлға өкілінің байланыс деректері (басшының Т.А.Ә., лауазымға тағайындау туралы бұйрықтың көшірмесі)	№68 «Балбұлақ» балабақшасы меңгерушісі Асанова Карашаш Камидолловна, 2016 жылғы 21 желтоқсандағы № 838 Астана қаласы Білім басқармасының бұйрығымен тағайындалды.
5.	Құқық белгілейтін және құрылтайшылық құжаттары (жарғының және заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу не қайта тіркеу туралы анықтаманың/куәліктің көшірмесі қоса беріледі)	Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтамасы: БСН 130240022688 Берілген күні: 2023 жылғы 10 ақпан Білім беруді ұйымдастыру өз қызметінде бекітілген жарғыны басшылыққа алады.
6.	Рұқсат беру құжаттары (білім беру қызметіне лицензия және оған қосымша және (немесе) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы хабарламаны жіберу туралы талон)	Қызметті жүзеге асыруды басталғаны туралы хабарлама: №KZ26RVK00048810, 2023 жылғы 11 сәуірде берілген.

Оқыту нәтижелеріне бағдарланған білім беру мазмұны

№	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары
7.	Тәрбие және оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына өлшемшарттар:
1)	Оқу жұмыс жоспарлары мен ұйымдастырылған қызметтің Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым

министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының (бұдан әрі – УОЖ) талаптарына сәйкестігі:

Талдау нәтижесі:

№68 «Балбұлақ» балабақшасы мектепке дейінгі ұйымында тәрбие-білім беру үдерісін зерделеу барысында:

- мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартымен;

- мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу жоспарларымен;

- мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасымен;

2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 жылдарына арналған оқу жұмыс жоспары, ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерінің кестелері, перспективалық жоспарлары мен циклограммалары қаралып, сәйкестігі тексерілді.

2021-2022 оқу жұмыс жоспары Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің Білім беруді жаңғырту орталығымен келісіліп, мектепке дейінгі ұйым басшысымен бекітілген. Балабақшада барлығы 12 топ жұмыс істейді. Мемлекеттік тілде тәрбиеленіп, оқытылады - 10 топ. Оның ішінде кіші топ – 1, ортаңғы топ -3, ересек топ - 3, мектепалды даярлық тобы – 3. Орыс тілінде тәрбиеленіп, оқытылады-2 топ. Оның ішінде: ересек топ - 1, мектепалды даярлық тобы – 1. Ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесі, өтпелі тақырыптары, перспективалық жоспарлары мен циклограммалары зерделенді.

2022-2023 оқу жұмыс жоспары мектепке дейінгі ұйым басшысымен бекітілген. Балабақшада барлығы 12 топ жұмыс істейді. Мемлекеттік тілде тәрбиеленіп, оқытылады - 10 топ. Оның ішінде кіші топ – 2, ортаңғы топ -3, ересек топ - 3, мектепалды тобы – 2. Орыс тілінде тәрбиеленіп, оқытылады-2 топ. Оның ішінде: ересек топ - 1, мектепалды тобы – 1. Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің кестесі, мамандар мен тәрбиешілердің ұсынған перспективалық жоспарлары мен циклограммалары зерделенді.

2023-2024 оқу жұмыс жоспары мектепке дейінгі ұйым басшысымен бекітілген. Балабақшада барлығы 12 топ жұмыс істейді. Мемлекеттік тілде тәрбиеленіп, оқытылады - 11 топ. Оның ішінде ортаңғы топ -3, ересек топ - 4, мектепалды тобы – 4. Орыс тілінде тәрбиеленіп, оқытылады-1 топ. Оның ішінде: мектепалды тобы – 1. Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің кестесі, мамандар мен тәрбиешілердің ұсынған перспективалық жоспарлары мен циклограммалары зерделенді.

Перспективалық жоспарда әрбір ұйымдастырылған іс-әрекеттердің үлгілік оқу бағдарламасы негізінде бір айға міндеттері айқындалған. Сонымен қатар бекітілген штаттық кестеге сәйкес дене шынықтыру нұсқаушысының, музыка жетекшісінің, қазақ тілі маманының және тәрбиешілердің перспективалық жоспарлары мен циклограммалары мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының жас ерекшелігіне сәйкес жасалған.

Тәрбиелеу-білім беру үдерісін ұйымдастыру, ойын арқылы балалар іс-әрекетінің түрлерін кешенді түрде балаларды дамытуға, оның ішінде физикалық, коммуникативтік, қарым-қатынас, танымдық-зияткерлік, шығармашылық, әлеуметтік-эмоционалдық, өзіне-өзі қызмет көрсету сияқты негізгі дағдыларға бағытталған. Циклограмма әр аптаға құрылған, балаларды қабылдаудан бастап,

	<p>ұйымдастырылған іс-әрекеттер, серуенді өткізуді, күндізгі ұйқыны ұйымдастыруды, балалардың үйге қайтуына дейін күн тәртібінің орындалуы қамтамасыз етілген. Балаларды тәрбиелеу мен оқытуда инновациялық технология әдістерін кеңінен қолданған.</p>
	<p>Қорытынды: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының талаптарына сәйкес.</p>
2)	<p>Білім беру қызметін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (бұдан әрі – МДТО үлгілік оқу бағдарламасы) және білім беру бағдарламаларына (вариативті, жеке, бейімделген, қосымша) сәйкес іске асыру</p> <p>Талдау нәтижесі:</p> <p>№68 «Балбұлақ» балабақшасының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын игеру бойынша жұмыстары зерделеніп қарастырылды:</p> <p>2021-2022 оқу жылында тәрбиелеу мен оқыту үдерісінің сапасын қамтамасыз ету мақсатында балабақша тәрбиешілері мен мамандары өтпелі тақырыптар негізінде жұмыс атқарған. Балабақшада бекітілген оқу жұмыс жоспарына сәйкес балалардың жас ерекшелігін ескере отырып ортаңғы, ересек және мектепалды даярлық топтарында төменде көрсетілген вариативтік компоненттер «Мен және айналадағы табиғат» («Мен және айналадағы табиғат Экологиялық білім негіздерін беруге бағытталған оқу тәрбиелік іс - шаралар кешені») Мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде экологиялық тәрбие беру бойынша әдістемелік құрал. Еликова С.Ф., Вязовая О.И., Москаленко Е.А. 2013 ж. - 122б. Издательство «Келешек -2030». 27.08.2021 ж. №1 педагогикалық кеңестің хаттамасы), «Дети и познавательный мир» («Дети и познавательный мир» методикалық құрал – «Келешек – 2030», 2011ж, авторы Гринцевич Г.З) (27.08.2021ж. №1 педагогикалық кеңестің хаттамасы), «Қазақ этнопедагогикасы – тәрбие бастауы» («Қазақ этнопедагогикасы – тәрбие бастауы» А. Бадел авторлық бағдарламасы. «Өрлеу» БАҰО АҚ БАИ, 21.11.2011ж. №26 хаттама, 27.08.2021 ж. №1 педагогикалық кеңестің хаттамасы), «Умелые ручки» («Балабақшадағы құрастыру» әдістемелік құрал авторлары: Т.М. Гурьева, А.Ю. Мисник, К.М. Тайгельтирова, Л.В. Пушкарева, Астана БАИ және ББЖКҚД, 2011 ж. (27.08.2021ж. №1 педагогикалық кеңестің хаттамасы) жүзеге асырылған. 2021-2022 оқу жылдарында тәрбиешілердің және педагог-мамандардың өтпелі тақырыпқа негізделген перспективалық жоспарлары мен циклограммалары жүйелі түрде, апталық оқу жүктемесін сақтай отырып жазылған, ұйымдастырылған оқу қызметі кестелеріне сәйкестендірілген.</p> <p>2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарында балабақша тәрбиешілері, дене шынықтыру нұсқаушылары, музыка жетекшілері және қазақ тілі мамандары мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары мен үлгілік оқу</p>

	<p>бағдарламасының міндеттерін жүзеге асыруды ескере отырып перспективалық жоспар құрған. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының міндеттерін жүзеге асыру барысында балабақша педагогтері ұйымдастырылған іс-әрекеттерді толық күн тәртібін сақтай отырып ойын және әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолдана отырып өткізгені анықталды. Педагог-мамандар мен тәрбиешілер циклограммада ұйымдастырылатын әрекеттің міндеттерін айқындап, ашып көрсеткен. Перспективалық жоспарлары мен циклограммалары сәйкес.</p> <p>2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығына сәйкес Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар тізімі ұсынылды. Балабақшада барлығы – 8 бала. Құлыншақ тобында-3, Аққу тобында-3, Айгөлек тобында-1 және Інжу-Маржан тобында-1 бала бар.</p> <p>Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу бұйрығы, ережесі, ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың тізімі, жеке оқу бағдарламасы, жеке оқу жоспары мен топтық бағалауы ұсынылған. Құжаттары толық сәйкес келеді.</p>
	<p>Қорытынды: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына және білім беру бағдарламаларына сәйкес.</p>
3)	<p>Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29329 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларын (бұдан әрі- Үлгілік қағидалар) сақтау</p> <p>Талдау нәтижесі:</p> <p>№68 «Балбұлақ» балабақшасы қызметінің өзін-өзі бағалауда берілген мәліметтері бойынша мектепке дейінгі ұйымда әр балаға физикалық, коммуникативтік, танымдық-зияткерлік, әлеуметтік-эмоционалдық және жеке тұлғалық дамуына жағдайлар жасалған. Балалардың физиологиясының, психикалық әл-ауқатының дамуына қойылатын талаптарына және ҚРБҒМ 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 бұйрығына сәйкес барлық топтар жас ерекшеліктеріне және психо-физиологиялық қажеттіліктерге сәйкес жиһаздармен жабдықталған. Оқу және ойын аймақтары жеткілікті мөлшерде дидактикалық және ойын материалдарымен қамтамасыз етілген. Білім беру қызметтерін сапалы орындауға ықпал ететін жабдықталған материалдық-техникалық база құрылған. Оқу тәрбие процесін жүзеге асыру үшін кабинеттермен жабдықталған.</p> <p>Балабақшаның педагогикалық құрамы мектепке дейінгі ұйымның ұсынылған деректеріне сәйкес, «Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2023 жылғы 21 шілдедегі № 224 Қаулысына сәйкес уәкілетті орган бекіткен штаттық кестесі бар.</p> <p>№68 «Балбұлақ» балабақшасында 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарында ҰББДҚ мәліметі бойынша тиісті бейіні бойынша арнаулы орта, жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжаты бар педагогтер туралы ақпарат ұсынылды.</p>

	<p>2023-2024 оқу жылында ҰББДҚ мәліметі бойынша тиісті бейіні бойынша арнаулы орта, жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжаты бар педагогтер саны – 31. Оның ішінде 1 - меңгеруші, 1 - әдіскер, 2 - педагог-психолог, 3 - дене шынықтыру нұсқаушысы, 2 - музыка жетекшісі, 3 - қазақ тілі маманы, 1 - логопед-дефектолог, 18- тәрбиеші жұмыс жасайды. Жоғары білімді- 25, арнаулы-орта білімді-6 педагог.</p> <p>«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» бейіні бойынша (әдіскерді қоса алғанда) жоғары білімді – 6 (31,5%), «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» бейіні бойынша арнаулы орта білімді – 6 (31,5%) , қайта даярлау курсынан өткен - 7 (37%). Педагогикалық ұжымның біліктілік деңгейін зерделей келе: екінші санат – 10 (32%); бірінші санат – 5 (16%), педагог- модератор – 5 (16%); педагог-сарапшы – 3 (10%); педагог-зерттеуші – 2 (7%); басшы-ұйымдастырушы -1 (3%), санаты жоқ -5 (16%) үлесі анықталды.</p> <p>Біліктілікті арттыру курсынан өткен педагогтардың үлесі – 94% көрсеткішті көрсетті.Талдау балабақша педагогтері жүйелі түрде курстарға, семинарларға, конференцияларға қатысып, өздерінің кәсіби біліктіліктерін арттырып отыратынын көрсетті.</p>
	<p>Қорытынды: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларын 1-қосымшасына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі №338 бұйрығына сәйкес.</p>
<p>4</p>	<p>Баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын мектепалды жастағы тәрбиеленушілерді оқыту нәтижелерінің болуы</p> <p>Талдау нәтижесі:</p> <p>№68 «Балбұлақ» балабақшасы қызметінің өзін-өзі бағалауында ұсынған деректерді қарастыру барысында баланың даму мониторингісі жүйелі жүргізілгені анықталды. Мектепалды жастағы балалардың даму мониторингісін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын оқыту нәтижелерін қарау барысында 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарының құжаттары толық ұсынылды. Барлық мектепалды топтарында бастапқы, аралық, қорытынды мониторинг жүйелі түрде жүргізілген.</p> <p>2021-2022 оқу жылындағы балабақшадағы мектепалды даярлық тобындағы балалардың дамуына жүргізілген (бастапқы) мониторингке сүйенетін болсақ, «Сұңқар» мектепалды даярлық тобының мониторинг бойынша пайыздық көрсеткіші келесідей: I–49 %, II-47 %, III–4%, «Жұлдыз» мектепалды даярлық тобының мониторинг нәтижесі: I – 87%, II - 12%, III – 1%, «Бәйшешек» мектепалды даярлық тобының мониторинг нәтижесі: I – 48%, II -52 %, III – 0 %. «Бәйтерек» мектепалды даярлық тобының мониторинг нәтижесі: I – 33%, II-67%, III – 0 %, Мектепалды даярлық топтарының (аралық) мониторинг бойынша пайыздық көрсеткіші келесідей: «Сұңқар» мектепалды даярлық тобының мониторинг нәтижесі: I – 15%, II – 45%, III – 40%, «Жұлдыз» мектепалды даярлық тобының мониторинг нәтижесі: I – 0 %, II – 65%, III – 35%, «Бәйшешек» мектепалды даярлық тобының мониторинг нәтижесі: I – 0 %, II - 53%, III – 47 %, «Бәйтерек» мектепалды даярлық тобының мониторинг нәтижесі: I -9%, II - 57%, III – 34 %.</p> <p>Мектепалды даярлық топтарының (қорытынды) мониторинг бойынша пайыздық</p>

	<p>көрсеткіші: «Сұңқар» мектепалды даярлық тобының мониторинг нәтижесі: I – 0%, II – 35%, III – 65%, «Жұлдыз» мектепалды даярлық тобының мониторинг нәтижесі: I – 0 %, II – 55%, III – 45%, «Бәйшешек» мектепалды даярлық тобының мониторинг нәтижесі: I – 0 %, II -46 %, III – 54%, «Бәйтерек» мектепалды даярлық тобының мониторинг нәтижесі: I - 2%, II - 43%, III – 55%.</p> <p>2022-2023 оқу жылындағы балабақшадағы мектепалды тобы балаларының дамуына жүргізілген (бастапқы) мониторингке сүйенетін болсақ, «Бәйтерек» мектепалды тобының мониторинг бойынша пайыздық көрсеткіші: I – 27%, II - 48%, III – 25%, «Бәйшешек» мектепалды тобының мониторинг нәтижесі: I – 24 %, II -47 %, III – 29 %. «Жұлдыз» мектепалды тобының мониторинг нәтижесі: I – 25%, II -73%, III – 2%.</p> <p>Сонымен қатар, мектепалды топтарының (аралық) мониторинг бойынша пайыздық көрсеткіші: «Бәйтерек» мектепалды тобының мониторинг бойынша пайыздық көрсеткіші: I – 13%, II -51%, III – 36%, «Бәйшешек» мектепалды тобының мониторинг нәтижесі: I – 13 %, II -51%, III – 36%. «Жұлдыз» мектепалды тобының мониторинг нәтижесі: I – 14 %, II - 50%, III – 36 %.</p> <p>Мектепалды топтарының (қорытынды) мониторинг бойынша пайыздық көрсеткіші: «Бәйтерек» мектепалды тобының мониторинг нәтижесі I - 0 %, II -9 %, III – 91 %, «Бәйшешек» мектепалды тобының мониторинг нәтижесі: I –0 %, II – 5 %, III – 95 %. «Жұлдыз» мектепалды тобының мониторинг нәтижесі: I – 0 %, II – 41 %, III – 59 %.</p> <p>2023-2024 оқу жылындағы балабақшадағы мектепалды тобындағы балалардың дамуына жүргізілген (бастапқы) мониторингке сүйенетін болсақ, «Балапан» мектепалды тобының мониторинг бойынша пайыздық көрсеткіші: I – 39%, II -45 %, III – 16 %, «Бәйтерек» мектепалды тобының мониторинг нәтижесі: I – 43 %, II -39 %, III – 18 %. «Қарлығаш» мектепалды тобының мониторинг нәтижесі: I – 42 %, II -37 %, III – 21 %, «Бәйшешек» мектепалды тобының мониторинг нәтижесі: I – 36 %, II - 45 %, III – 19%, «Жұлдыз» мектепалды тобының мониторинг нәтижесі: I – 4%, II -40%, III – 56%.</p> <p>Балалардың даму мониторингісі нәтижесіне сәйкес «Физикалық қасиеттерді дамыту», «Коммуникативтік дағдыларды дамыту», «Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту», «Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту», «Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру» сияқты дағдылармен мектепалды топ тәрбиеленушілерінің жеке даму жоспарларына (карталарына) талдау жасалынған, қойылған талаптарға сәйкестігі анықталды. Балалардың дамуын, іскерлігі мен дағдыларын қадағалау бойынша нәтижелердің жиынтық есептері берілген. Мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг жүргізудің әдістемелік ұсынымдарының мазмұнына сәйкес, тұрақты түрде балабақшада білім беру процесінің жағдайы қадағаланып, балалардың даму динамикасы жүргізілген.</p>
33	<p>Қорытынды: ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы бойынша Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 2 тараудың 20-тармағына сәйкес.</p>
5)	<p>Тәрбиеленушілердің даму мониторингісінің (бастапқы) болуы және нәтижелерін талдау</p> <p>Талдау нәтижесі:</p> <p>2021-2022 және 2022-2023 оқу жылдарының мониторингіне сәйкес балабақшада балалардың құзіреттілігін дамыту мақсатында әрбір жас кезеңіне</p>

	<p>жеке даму карталары толтырылып ұсынылған. Барлық құжаттар электронды нұсқада берілген. Бағдарламалық материалдарды әрбір балаға игеру деңгейін анықтау мақсатында жүргізілген.</p> <p>«Физикалық қасиеттерді дамыту», «Коммуникативті дағдыларды дамыту», «Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту», «Балалардың шығармашылық дағдыларын зерттеу, іс-әрекетін дамыту», «Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру» мақсатында біліктері мен дағдыларын қалыптастыру сияқты тәрбиеленушілердің физикалық және жеке қасиеттерін дамыту, олардың жас ерекшеліктеріне сәйкес (бастапқы) мониторинг арқылы жүзеге асырылғанын аңғаруға болады.</p> <p>Балабақшадағы балалардың бастапқы даму мониторингісін талдай келе 2023-2024 оқу жылында ортаңғы «Айгөлек» тобында: I деңгей – 39 %, II деңгей –58 %, III деңгей -3%; ортаңғы «Көжек» тобында: I деңгей - 34%, II деңгей –49%, III деңгей – 17 %; ортаңғы «Ботақан» тобында: I деңгей - 47%, II деңгей – 50 %, III деңгей - 3%; ересек «Аққу» тобында: I деңгей - 45%, II деңгей – 31 %, III деңгей -24 %; ересек «Инжу-Маржан» тобында: I деңгей -28 %, II деңгей –43 %, III деңгей -29%; ересек «Құлыншақ» тобында: I деңгей -49 %, II деңгей – 33%, III деңгей - 18 %; ересек «Сұңқар» тобында: I деңгей – 46 % II деңгей – 34%, III деңгей -20%; «Балапан» мектепалды тобының мониторинг нәтижесі: I – 39%, II - 45 %, III – 16 %, «Бәйтерек» мектепалды тобының мониторинг нәтижесі: I – 43 %, II -39 %, III – 18 %; «Қарлығаш» мектепалды тобының мониторинг нәтижесі: I – 42 %, II -37 %, III – 21 %; «Бәйшешек» мектепалды тобының мониторинг нәтижесі: I – 36 %, II - 45 %, III – 19%; «Жұлдыз» мектепалды орыс тобының мониторинг нәтижесі: I – 4%, II -40%, III – 56%. Мониторинг бойынша жас ерекшеліктеріне сай білім беру бағдарламаларын меңгеру деңгейі байқалды.</p>
	<p>Қорытынды: ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы бойынша Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 2 тараудың 20-тармағына сәйкес.</p>
<p>6</p>	<p>Үлгілік оқу бағдарламасына қосымшаға сәйкес балалардың жасын ескере отырып, тәрбиеленушілердің жетістіктерін мониторингілеу нәтижелерінің (қорытынды) болуы және талдау</p> <p>Талдау нәтижесі: №68 «Балбұлақ» балабақшасы мектепке дейінгі ұйымда Үлгілік оқу бағдарламасының қосымшаға сәйкес балалардың жасын ескере отырып, тәрбиеленушілердің жетістіктерін мониторингілеу нәтижелері:</p> <p>2021-2022 мен 2022-2023 оқу жылдарының мониторингісінің қорытындысы толық берілген, балалардың жеке даму карталары дұрыс толтырылған. Барлық топтарда жүргізілген мониторинг нәтижелеріне сәйкес жиынтық есеп жазылған. Балалардың қабілеттері мен дағдыларының даму деңгейін қадағалау жұмыстары тұрақты жүргізілген.</p> <p>2023-2024 оқу жылындағы берілген жиынтық есепке сәйкес барлық топтарда жүргізілген (бастапқы) балалардың дамуы бойынша «Физикалық қасиеттерді дамыту», «Коммуникативті дағдыларды дамыту», «Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту», «Балалардың шығармашылық дағдыларын зерттеу, іс-әрекетін дамыту», «Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру» балалардың біліктері мен дағдыларының нәтижесі анықталған.</p>
	<p>Қорытынды: ҚР Оқу-ағарту министрінің 3.08.2022 жылғы №348 бұйрығы бойынша Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 2 тараудың 20-тармағына сәйкес.</p>

8.	Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне өлшемшарттар
1)	<p>МДТО ҮОЖ белгіленген тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптарға сәйкестігі және сақталуы</p> <p>Талдау нәтижесі:</p> <p>№68 «Балбұлақ» балабақшасы 2021-2022 оқу жылдарының оқу жұмыс жоспары Білім беруді жаңғырту орталығымен келісілген және онда апталық оқу жүктемесінің ең жоғарғы көлемі сақталып, ұйымдастырылған оқу қызметтері осы оқу жұмыс жоспары негізінде әзірленген. Перспективалық жоспар мен циклограммалары бекітілген өтпелі тақырыптарға сәйкес жазылған. Барлық топтарда оқу жүктемесі сақталған.</p> <p>2022-2023 оқу жылында балабақша меңгерушісімен бекітілген оқу жұмыс жоспары және балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі жасалған. Перспективалық жоспар мен циклограмма мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнының жүзеге асыруға бағытталып құрылған.</p> <p>2023-2024 оқу жылында перспективалық жоспар мен циклограмма тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру және өткізу кезінде әр тәрбиеленушілердің қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жазылған.</p>
	<p>Қорытынды: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығының 1-қосымшасындағы («Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты») 1 тараудың 2-тармағына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына және білім беру бағдарламасының талаптарына сәйкес.</p>
9.	Тәрбие мен оқыту мерзіміне қойылатын талаптар:
1)	<p>Балалардың жасын ескере отырып, жас топтарын қалыптастыру кезінде талаптарды сақтау</p> <p>Талдау нәтижесі:</p> <p>№68 «Балбұлақ» балабақшасында барлығы 12 топ бар. Балалар тізімінің жас ерекшеліктері нормативтік-құқықтық құжаттарға сәйкес және балалардың жас ерекшеліктерінің сақталғандығын растайтын балалар тізімдері берілген.</p> <p>Балабақша үш жас ерекшеліктегі 12 топпен жабдықталған:</p> <ul style="list-style-type: none"> - ортаңғы топ – 3: «Көжек», «Ботақан», «Айгөлек» (3 жастағы балалар); - ересек топ – 4: «Аққу», «Инжу-Маржан», «Құлыншак», «Сұңқар» (4 жастағы балалар); - мектепалды топ – 5: «Балапан», «Қарлығаш», «Бәйшешек», «Бәйтерек», «Жұлдыз» (орыс) (5 жастағы балалар);
	<p>Қорытынды: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығының 1-қосымшасындағы («Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты») 4 тараудың 25-тармағына сәйкес.</p>


2)	<p>Тәрбиеленушіні 1-сыныпқа қабылдағанға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламасын игеру бойынша талаптарды сақтау</p> <p>Талдау нәтижесі: №68 «Балбұлақ» балабақшасында мектепке дейінгі ұйымында 5 мектепалды тобы бар: «Балапан», «Қарлығаш», «Бәйшешек», «Бәйтерек», «Жұлдыз» мектепалды орыс тобы. Жалпы балабақшадан 1-сыныпқа баратын балалардың саны – 160. Тәрбиеленушілердің бағдарламалық материалды игеруіне талдау оңтайлы нәтижелерді көрсетеді. Педагогикалық ұжымның балалармен «Физикалық қасиеттерді дамыту», «Коммуникативті дағдыларды дамыту», «Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту», «Балалардың шығармашылық дағдыларын зерттеу, іс-әрекетін дамыту», «Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру» іс-әрекет дағдыларының көрсеткіштері арқылы мониторинг талдау жүргізілген жұмыстардың қорытындысынан балалардың физикалық дамыған, ізденімпаз, бастамашыл, табанды, бейімделуге қабілетті, көпшіл, өзіне сенімді, командада жұмыс істей білетін, эмоционалды жауапты, өзі, отбасы, қоғам, әлем және табиғат туралы алғашқы түсініктерге ие екендігі анықталды.</p>
	<p>Қорытынды: ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы бойынша Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 2 тараудың 21-тармағына сәйкес.</p>

Қорытынды: Астана қаласы әкімдігінің №68 «Балбұлақ» балабақшасы МКҚК білім беру қызметі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына **сәйкес келеді**.


Мемлекеттік аттестаттау нәтижесі:


Мемлекеттік комиссияның 2024 жылғы «26» қаңтардағы хаттамалық шешіміне сәйкес Астана қаласы әкімдігінің №68 «Балбұлақ» балабақшасы МКҚК білім беру қызметі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес келуіне байланысты **АТТЕСТАТТАЛДЫ**.


Комиссия төрағасы:



 _____ Г.К. Ермакова
 (қолы), (аты-жөні)

Комиссия мүшелері:


 _____ К.С. Көшен
 (қолы), (аты-жөні)


 _____ Ж.Ж. Махмутова
 (қолы), (аты-жөні)


 _____ Ш.С. Калдыбаева
 (қолы), (аты-жөні)


 _____ А.К. Бейсекеева
 (қолы), (аты-жөні)

*Білім беру ұйымдарын
бағалау өлшемшарттарының
1-қосымшасы*

Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметін бағалауға арналған өлшемшарттар

Астана қаласы әкімдігінің №68 «Балбұлақ» балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны

p/c №	Бағалау өлшемшарттары	Білім беру ұйымына тиісті өлшемшарт бағалау мазмұны	Балдары
1	Тиісті бейіні бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжаты бар педагогтердің үлесі	ҰББДҚ мәліметі бойынша тиісті бейіні бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжаты бар педагогтар саны – 31. Үлесі – 100% - ды құрайды.	5
2	Біліктілік санатының деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттырған/растаған педагогтердің (оның ішінде басшылардың үш жылда бір реттен сиретпей) үлесі	ҰББДҚ мәліметі бойынша педагогтердің жалпы саны - 31. Педагогикалық ұжымның біліктілік деңгейін зерделей келе: екінші санат – 10 (32%); бірінші санат – 5 (16%), педагог-модератор – 5 (16%); педагог-сарапшы – 3 (10%); пед агог-зерттеуші – 2 (7%); басшы-ұйымдастырушы -1 (3%), санаты жоқ -5 (16%) үлесі анықталды. Қоса атқарушы педагогтердің санатын есептемегенде, жалпы санаты бар 22 педагог. Үлесі – 71% - ды құрайды.	2
3	Үш жылда бір реттен сиретпей (оның ішінде басшы, басшы орынбасарларының) біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогтердің үлесі	2023-2024 жылға педагог кадрлармен жасақталғандығы туралы ұсынылған мәлімет бойынша үш жылда бір реттен сиретпей (оның ішінде басшы, басшы орынбасарларының) біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогтер саны - 29, ҰББДҚ бойынша педагогтердің жалпы санының 31 педагогке шаққанда, үлесі 94%-ды құрайды.	3
4	Білім беру ұйымының Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016	Балалардың жас ерекшеліктері мен қажеттіліктеріне және санитарлық-гигиеналық нормалардың талаптарына	

	жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13272 тіркелген) сәйкес жабдықтармен және жиһазбен жарақтандырылуы	сәйкес және балалардың физиологиясының, психикалық әлауқатының дамуының талаптарына және ҚРБҒМ 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығына сәйкес жабдықталған. Үлесі – 100 % - ды құрайды.	5
5	Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдар үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23513 тіркелген) сәйкес жағдай жасау	Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар саны -8. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығына сәйкес жағдай жасалынған. Құжаттары толық ұсынылды. Үлесі-100 %- ды құрайды.	5
6	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20708 тіркелген) сәйкес мектепке дейінгі ұйымдарға арналған оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз ету	Балабақша электронды ресурстармен, электронды кітаптармен қамтамасыз етілген. Оның ішінде қазақ тілінде - 451, орыс тілінде - 111. Балабақшада баланың жеке басын толыққанды қалыптастыру үшін жағдайлар жасалған. Жүйелі түрде оқу-әдістемелік кешендермен толықтырылып отырған. Үлесі – 100 %-ды құрайды.	5
7	Жас топтары толықтырылуының сәйкестігі (топтар бөлінісінде)	Балабақшаның жобалық қуаты 280 Берілген бала санының көрсеткіші балабақша жобалық қуатынан көп аспайды және нормаларға сәйкес келеді. Үлесі – 100 %- ды құрайды.	5
8	Ата-аналардың сауалнама нәтижелерін талдау	Арнайы өлшемшарт көрсеткіштерімен берілген сауалнама нәтижесінде ата-аналардың қамтылуы 100 % (мектепалды топ саны 5, оның ішіндегі жалпы балалар саны – 160). Сауалнама нәтижесінде 155 ата-ана жауап берген. Үлесі – 97 %	5
9	Педагогтердің сауалнама нәтижелерін талдау	Арнайы өлшемшарт көрсеткіштерімен берілген сауалнама нәтижесінде балабақша педагогтерінің 100 % (барлығы 31 педагог) қамтылды. Сауалнама нәтижесін талдай келе барлық педагогикалық ұжымның білім беру қызметтеріне және жұмыс орындарының	5

		сапасына қанағаттану деңгейі жоғары нәтижеде екені анықталды. Үлесі – 100 %.	
		Балдардың жалпы саны: 40	


Өлшемшарт бойынша білім беру ұйымын бағалау нәтижелері

Өлшемшарт бойынша білім беру ұйымының жалпы жиынтық бағасы **40** балды құрады.


Білім беру ұйымының қызметі **«ҮЛГІЛІ»** деп бағаланды.

Комиссияның 2024 жылғы «26» қаңтардағы хаттамалық шешімі


Комиссия төрағасы:


 _____ Г.К. Ермакова
 (қолы), (аты-жөні)

Комиссия мүшелері:


 _____ Қ.С. Көшен
 (қолы), (аты-жөні)


 _____ Ж.Ж. Махмутова
 (қолы), (аты-жөні)


 _____ Ш.С. Калдыбаева
 (қолы), (аты-жөні)


 _____ А.К. Бейсекеева
 (қолы), (аты-жөні)